



ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ

Қазіргі мәдениетаралық
коммуникациядағы қақтығыстар





Дәрістің мақсаты: оқырман мәдениеттер қақтығысының орын алу жағдайларын нақты мысалдар арқылы түсінетін болады. Ол үшін өзім-өзге оппозициясы, ұлттық ерекшелікті танытатын компоненттер, түрлі мәдениет стереотиптері туралы сөз қозғалады.

Дәрістің басты терминдері: төл мәдениет, тікелей мәдени қақтығыстар, жанама мәдени қақтығыстар, ұлттық компоненттер, этномәдени стереотип.

- Төл мәдениет – халықтың өзіне ғана тән ұлттық ерекшелігі болып табылатын тұрмыстық, рухани, ойлау мәдениеті;
- Тікелей мәдени қақтығыстар – шетелдіктермен тікелей қарым-қатынастағы тілдік коммуникация кезінде туындайтын түсініспеушіліктер;
- Жанама мәдени қақтығыс – көркем фильм, кітап оқу кезінде болатын кедергілер, себебі айқындала алмайтын түсініспеушіліктер;
- Ұлттық компоненттер – салт-дәстүр, әдет-ғұрып және ырым-жоралғы, тұрмыстық мәдениет, мінез-құлық нормасы, ұлттық ойлау жүйесіндегі ерекшеліктер ұлттық компонент болып табылады;
- Этномәдени стереотип – әр мәдениет өкілінің өзіне тән мінез-құлқы, өмір салты, әдет-ғұрпы туралы қалыптасқан түсінік, ұлттық қасиеттерінің жүйесі.

1. Өзім-өзге

Мәдениетке қатысты барлық мәселелердің өзектілігі бүгінгі таңда адам нанғысыз өткір сипат алды дейді профессор С.Г. Тер-Минасова. Түрлі халықтың мәдениетін зерттеу мәдениеттану пәнінде басты мәселеге айналды. Бұдан сәл ғана бұрын бұл мәселеге тарих, философия, филологияның бір бұрышында болмашы ғана орын беріліп еді. Мәдениеттер диалогы мен шиеленістері тақырыптарында мақалалардың көбеюі; мәдениет мәселелерін зерттеушілердің басын біріктіретін қоғамдар мен қауымдастықтардың құрылуы, мәдениет мәселелері бойынша конгрестер мен симпозиумдар осының айғағы. Негізі барлық халықта осы *When in Rome, do as Romans do* (Римге келгенде, римдіктер сияқты бол) сипаттас мақалдар бар. Өзгенің мәдениеті мен тіліне сақтықпен қарауды үйрету, есте ұстау барлық халықта ежелден бар деген сөз.

Төл мәдениет – халықтың ұлттық ерекшелігін қорғаушы қалқан, өзге халықтар мен мәдениеттерден қорғап-қоршап тұратын бітеу дуал дейді ғалым. Ағылшын тілін дүние жүзі сөйлей бастағанда ағылшынтілді әлемге аса зор саяси, экономикалық және басқа да үлес қосылды. Бұл әлемдегі халықтар арасындағы қалқанды жойды: оның мәдениеті ашық көрмеге қойылғандай, өзге адамзат үшін қолжетімді бола түсті. «Менің үйім – менің қамалым» қағидасын жақсы көретін ағылшындардың жабық өмірі үшін – бұл парадокс немесе тағдыр тәлкегі сияқты көрінуі мүмкін. Олардың ұлттық үйінің есігі бүкіл әлемге ағылшын тілі арқылы ашылды.

2. Мәдениеттер қақтығысы

Мәдениетаралық коммуникацияның бір сипаты – қақтығыс және түсінбеушілік. Мәдениетаралық кездесулерде адамдардың мінез-құлығы ойдағыдай, біз күткендегідей болмайды. Сондықтан конфликт шарасыздан пайда болады. Қақтығыс алдында екіұштылық туады. Адам тәжірибесі жетпегендіктен сабырсызданып, қақтығысқа бастайды. Ежелгі гректер мен римдіктер басқа әлем халқын және мәдениетін варварлар деп атаған – ол гректің *barbarous* «жателдік» деген сөзінен шыққан. Бұл сөз дыбысқа еліктеп бөтен тілдер құлаққа жағымсыз бар-бар-бар деп естіледі дегеннен шығады. Ежелгі орыс тілінде барлық шетелдіктерді «неміс» деп атады, яғни мылқау, немой деген мағынада. Осы қарама-қарсылықта өзім мен бөтен ұғымдарының арасында қақтығыс бар, яғни мәдениеттер қақ-



тығысы, сондықтан, шетел немесе шетелдік деген сөзбен келетін барлық тіркестер осы қақтығысты меңзейді.

Профессор Тер-Минасованың зерттеуінше, шетелдіктермен тілдік коммуникация кезінде туындайтын тікелей мәдени қақтығыстардан басқа, көркем фильм, кітап және т.б. жанама мәдени қақтығыс деген түрлері бар. Мәдени қақтығыстың жанама түрінде кедергілер соншалықты терең түсіндірілмейді және айқын көрінбейді, сондықтан мұндай қақтығыс түрі қауіптірек көрінеді. Шетелдік әдебиеттерді оқи отырып, өзге елдің мәдениетімен танысамыз, танысу барысында мәдени қақтығыстарға тап боламыз. Осындай мәдени қақтығыстар негізінде адам өз мәдениетін тереңірек түсініп, дүниетанымын, қоршаған ортаға деген көзқарасын қалыптастыра бастайды.

3. Шет тілдерін оқыту мен мәдениетаралық коммуникация

Қазіргі кезде Қазақстанда шет тілдерін оқытуда ұлттық құндылықтарды қайта бағалауда бетбұрыс болу керек еді, алайда олай емес, шет тілін оқытуда қазақ тілімен емес, орыс тілі мәдениетімен салыстырып оқытып жатыр. Аударма ісі әлі орыс тілі мен шет тілі арасында. Бізде әлі аралық тіл бар. Сондықтан бұл пәннің қазақ тілі мен әдебиет немесе қазақ филологиясы мамандығына жүруі әзірге негізсіз де сияқты. Бірақ тақырып қызықтырады. Тақырып қазақ тілінің коммуникациялық және танымдық қызметіндегі ерекшеліктері арқылы қызықтырады және оның бастамы бар. Қазақ тілінің сөз байлығы мен коммуникациядағы қылығы баяндалатын еңбектер негізінде бірақ теорияны қалауға болады.

4. Ұлттық ерекшелікті танытатын компоненттер

Ұлттық ерекшелікті танытатын компоненттерге мыналарды жатқызуға болады: а) салт-дәстүр, әдет-ғұрып және ырым-жоралғы; б) тұрмыстық мәдениет; в) күнделікті мінез-құлық нормасы; г) «әлемнің ұлттық бейнесі»; д) белгілі бір этностың ұлттық салт-дәстүрлері көрініс табатын көркем-өнер мәдениеті.

Қақтығыстар көбістрейотиптен шығып жастады. Адамдардың әлем туралы түсінігі қандай мәдениетте туып, тәрбиеленгеніне қарай әртүрлі. Басқа мәдениет өкілінің мінез-құлқын түсіндіргенде ойға олардың өмір салты, әдет-ғұрпы, яғни этномәдени қасиеттерінің жүйесі оралады. Ол этно-мәдени стереотип, қалыптасқан түсінік. Немістің ұқыптылығы, орыстың тәуекелшілдігі, қытайдың рәсімшілдігі, африкандық темперамент, италияндықтардың қызбалығы, финдердің бірбеткейлігі, эстондықтардың жайбарақаттылығы, поляктың сыпайылығы – тұтас халық туралы стереотипті түсінік, ол сол ұлттың әр адамына телінеді.

Өз бетінше орындайтын тапсырмалар

1. Өзіңіз бастан кешірген тікелей және жанама қақтығысты есіңізге түсіріп, жолдасыңызға баяндаңыз. Жолдасыңыздың көзқарасы сіздікімен бірдей болып шықты ма? Талдаңыз.
2. Социомәдени факторларға мысал келтіріңіз.

Бақылау сұрақтары

1. Мәдени қақтығыстардың орын алуы қандай жағдайда болуы мүмкін?
2. Мәдени қақтығысқа тап болмау үшін ұлттық ерекшелікті танытатын қандай компоненттерді білгеніңіз жөн?



Дәріс тақырыбы бойынша қосымша ресурстар

1. Тер-Минасова С.Г., Тіл және мәдениетаралық коммуникация. Астана, 2018 г.
2. Құлсариева А., Қазіргі заман мәдениеті А: Қазақ университеті, 2008, 123 б.
3. Кәрібозов Е., Жұмаділова М., Мәдениетаралық коммуникация және аударма мәселелері А: Қазақ университеті, 2013, 113 б.
4. Шадкам З., Мәдениетаралық қарым-қатынас (Сөйлеу этикеті). Қазақ университеті, 2011. 157 б.
5. <http://textb.net/97/6.html>.
6. <http://www.grandars.ru/college/sociologiya/mezhkulturnye-konflikty.html>.
7. https://tvkultura.ru/video/show/brand_id/57402/episode_id/1435241/video_id/1548960/.
8. <http://textb.net/97/6.html>.
9. <http://www.grandars.ru/college/sociologiya/mezhkulturnye-konflikty.html>.
10. https://tvkultura.ru/video/show/brand_id/57402/episode_id/1435241/video_id/1548960/.